

Қалалық білім бөлімі
Қызылорда қалалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы



Шеберлік сынып:

«Батик техникасын тұрмыста пайдалану»

Бердеева Аида Абатқызы

Қосымша білім беру педагогы
Батик үйірмесінің жетекшісі

Қызылорда қаласы,
2016 год

Шеберлік сыныптың бағдарламасы :

Өткізілу уақыты: 14 қазан 2016

Өткізілу орны: Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының акт залы.

Қатысушылар: Қосымша білім беру педагогтары

Ұзақтығы: 30 мин.

Шеберлік сыныпты өткізудің алғы шарттары:

- Батик үйірмесінің жұмысымен қысқаша таныстыру
- Тақырыбы: «Батик техникасын тұрмыста пайдалану»
- Батиктің түрлерін слайд арқылы көрсету
- Суық батик техникасын жасап көрсету.

Қатысушыларға арналған шеберлік сыныбының конспект-жоспары

Шеберлік сабағының тақырыбы: Батик техникасын тұрмыста пайдалану.

Мақсаты: Шеберлік сабақ өткізу арқылы *тәжірибе алмасу*. Қазақ халқының сәндік қолданбалы қолөнерінде батик техникасын қатысушыларға таныстыру, әдіс-тәсілін үйрету. Күнделікті тұрмыста батик техникасын қолдану.

Слайд № 1 Тақырыбы: «Батик техникасын тұрмыста пайдалану»

Слайд № 2 Үйірменің мақсат-міндеті :

- Оқушылардың сәндік қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру;
- Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту ;
- Батиктің жасалу технологиясын меңгерту, ұқыптылыққа тәрбиелеу ;

Слайд №3 Оқушылардың жетістігі

Слайд №4 Батиктің шығу тарихы :

Батик жазу техникасы Индонезияда дүниеге келген. Батик сөзі Яван тілінен аударғанда матаға сурет салу деген мағынаны білдіреді. Көптеген әлем халықтары үнділер, қытайлар, египеттіктер, перуандықтар бұл өнерді ерте кезден дамытқан. Бірақ ол ең жоғары деңгейде көркемдікке және техникалық әсемдікке тек Явада жеткен. Явалық батикке бүкіл әлем таң қалысады, ал Индонезиялықтар үшін ол жай ғана зат. Ява және Бали, Индонезия аралдарының тұрғындарына бұл күнделікті дәстүрлі киім. Батиктің негізгі 4 түрі бар ол түйінделген батик, ыстық батик, суық батик, еркін батик

Слайд № 5 Батик техникасына қажетті құралдар: батик бояулары, резерв сұйықтығы, палитра, қайшы, кергіш, қарандаш, жіптер т.б.

Слайд № 6 Батик техникасын киімде қолдану:

Көптеген белгілі суретшілер өз туындыларын ява салтына және де жапон-қытай сюжеті бойынша жазып жатыр. Бірақ балауыз орнына каучук және бензиннің негізінде гутта — резерв қолдалынылып жатыр, сонымен қатар оның жылытуына арналған арнайы электрлік штифтілер, және оңайлатылған техника пайда болды. Акрилдік бояулардың пайда болуымен қолайлы және де көркем туындыларды шығаруға әркімнің ақ өз үлесін қосуына ықпал жасады. Қазақстан сән дизайнерлері өз коллекцияларында батик техникасында жасалған киім үлгілерін пайдалануда.

Слайд № 7 Түйінделген батик техникасы:

Түйінді батик техникасы Индоқытайдағы ең ежелгі болып есептеледі. Технологиясы қарапайым: дәл басқа батиктегі сияқты дәл солай жасалды. Балауызбен жүргізіп өту бояудың бір біріне тиюінен сақтайды, бірақ — құрамда, әл әртүрлі ширақтар, арқандар болады. Матаны тығыз орап алып, жіппен байлайды, бояуға салынады немесе бояуды қылқаламмен жүріп өтеді. Одан соң матадан жіпті алып тастағаннан кейін жіп тұрған жер боялмай қалады. Матада пайда болған сурет матаның орауына жіпті байлауына байланысты болады.

Слайд № 8 Спираль тәріздес түйінделген батик техникасы:

Слайд № 9 Ыстық батик техникасы

Ыстық батиктың-ыстық деп аталу себебі ол балауызды ыстық күйінде ерітіп пайдалануына байланысты.

Слайд № 10 Еркін батик техникасы

Еркін батикте ешқандай балауызсыз, резервсіз тек бояулармен жұмыс жасаймыз сол себепті еркін батик деп аталады.

Слайд № 11 -12 Суық батик техникасы

Суық батик –деп арнайы резерв сұйықтығымен қаламның бойымен жүргізіп өтетіндіктен суық батик деп аталады.

Слайд № 13 Батик техникасында сурет салу кезіндегі қауіпсіздік ережелері